29 қараша
ноября

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ | ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ



SPK ASTANA ЖӘНЕ ҚОҒАМ ИГІЛІГІ

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҚАЗАҚ БАЛАСЫ НЕГЕ ӘЛСІЗ?

8-БЕТ | ҚОҒАМ

№123
(5021)
Сенбі
17 қазан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КӨЛІК КАРТАСЫ РӘСІМДЕЛЕДІ

Бүгіннен бастап автобуста жүруге арналған атаулы мектеп және жеңілдік көлік карталарын Tarlan Astana стансаларында рәсімдеуге болады. Бұл туралы City Transportation Systems компаниясы мәлім етті.

Орталық кассадан бөлек, көлік картасын рәсімдейтін мамандандырылған кассалар саны да, елорда тұрғындары үшін қызметтің қолжетімділігі де артады. Аталған кассаларда автобуста және Tarlan Astana жеңіл рельсті көлігінде жолақы төлеуге арналған жеңілдігі бар және мектеп көлік карталарын рәсімдеуге болады. Атаулы көлік карталарын мына санаттағы азаматтар рәсімдей алады:

• елордадағы оқу орындарында білім алатын 7 мен 18 жас аралығындағы оқушылар;

• Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын, Астана қаласының мәслихаты бекіткен жеңілдік санаттарына жататын азаматтар.

17-18 ҚАЗАН

Елордада Qazaq Creative Hub алаңында (Жошы хан көшесі, 16/2) «Creative Aimaq» республикалық жобасы аясында Қарағанды облысының креативті индустрия өкілдерінің жәрмеңкесі өтеді.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМЫСА – ТҰРМЫС ЖАҚСАРАДЫ

Астана қаласын дамыту бағдарламасында жылу, электр және сумен жабдықтау инфрақұрылымдарын жаңғырту және жаңа нысандар салуға ерекше маңыз берілген. Келешекте су тұтыну көлемінің өсетіні ескеріле отырып, елорданы сумен жабдықтау бойынша алдағы жылдары 20-ға жуық жоба іске аспақ.

ТУҒАН ҚАЛАНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕЙДІ

Бас қаладағы барлық мемлекеттік және жекеменшік балабақшаға 5 жастағы балаларға арналған «Сарыарқатану» бағдарламасы енгізілді.



Сарыарқа өңірі мен Астана қаласының тарихын, табиғатын және мәдениетін таныстыруға негізделген бағдарлама бүлдіршіндерді елорданың тарихымен, табиғатымен және мәдениетімен таныстырып, туған жерге сүйіспеншілікпен, ал қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға бағытталған. Балабақшаларда балалардың Қазақстанның өзге өңірлерін танып-білуіне және зерттеуге қызығушылығын арттыруға арналған «Eltanu» эксперимент алаңы жұмыс істейді. Оның аясында балабақша тәрбиеленушілері қаланың сәулетті ғимараттары, тарихи-мәдени ескерткіштері, көне нысандары, музейлері һәм театрларымен танысып, елордада қалыптасқан дәстүрлерді зерделейді.

17-18 ҚАЗАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Астанада Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарының тауар өндірушілері қатысатын кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді. Іс-шара «Қазанат» ипподромының автотұрағында, Қарқаралы тасжолы, 1 мекенжайында өтеді. №18, 37 және 303 автобус бағыттары қатынайды. Жәрмеңке сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді.





№123 (5021) 17/10/2026 Сенбі



АӨСШК РУХЫ БЕЛГІЛІ БРЕНДКЕ АЙНАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің 7-саммитіне қатысу үшін Баку қаласына жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында Қазақстан Президенті АӨСШК VII саммитіне қатысып, сөз сөйледі. Сондай-ақ Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен және Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнимен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін іске қосу рәсіміне қатысты.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

АЗИЯҒА МЫҚТЫ ИНСТИТУТТАР ҚАЖЕТ

Қазақстан басшысы қонақжайлық көрсеткені және саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке алғыс айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев диалогтың, сенімді нығайтудың және жан-жақты ынтымақтастықтың бірегей алаңы ретінде АӨСШК әлеуетін кеңейтуге бағытталған Әзербайжан тарапының белсенді төрағалығын оң бағалады.

«Қазақстан үшін кеңестің маңызы ерекше. Еліміз 30 жылдан аса уақыт бұрын кең байтақ өңірде өзара сенімді арттыру және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге септігін тигізу мақсатында осы форумды құру жөнінде бастама көтерген болатын. Содан бері АӨСШК өзара тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін мүше мемлекеттерді ортақ іске жұмылдырып келеді. Бастапқыда Азиядағы қауіпсіздікті сақтап, сенімді нығайтуды көздейтін жалпыға ортақ тікелей диалог форматында құрылған бұл алаң бүгінде бірегей форумға айналды. Ұйымға мүше елдер Азия құрлығының шамамен 90 пайызын қамтиды. Мұнда Жер шары тұрғындарының жартысынан астамы өмір сүреді. Халықаралық институттардың көбінде мұндай әлеует жоқ» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл форматтың ауқымы АӨСШК-нің зор әлеуетін танытатынын, ал ортақ болашақ құруға ұмтылған жалынды жастар оның қозғаушы күші саналатынын айтты.

«Қауіпсіз әрі гүлденген Азия құруға деген шынайы ниетімізді көрсететін АӨСШК рухы шын мәнінде белгілі брендке айналды. Бұл жолы Лаостың осы ұйымға мүше болғанына қуаныштымын» деді ол.

Мемлекет басшысы саммит форумның маңызына елеулі сын-қатер төніп тұрған кезеңде өтіп жатқанын айтты. Президенттің пікірінше, әлемде тыңғылықты байыптап, мұқият ойластырылған шешімді қажет ететін аса күрделі әрі бұрынсоңды болмаған үдерістер орын алып жатыр.

«Түптеп келгенде, халықаралық қауіпсіздік архитектурасының іргесі шайқала бастады. Бұл жайт құқық үстемдігі көлеңкеде қалып, күш көрсету басымдыққа ие болған қауіпті үрдіспен қатар жүруде. Былтыр әлемде қарулы қақтығыстар саны Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі көрсеткіштен асып түсті. Бұл кикілжіңдердің құны статистикалық деректермен ғана емес, адам ғұмырымен де өлшеніп жатыр. Өткен жылдың өзінде 20 қарулы қақтығыс болып, 37 мыңнан астам бейбіт тұрғын ажал құшты. 117 миллионнан аса адам босқынға айналды, ал 266 миллион жан ішер асқа жарымай отыр. Бұл ұзақ жылдар бойы жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікке қол жеткізуге бағытталған бірлескен саяси күш-жігердің нәтижесін жоққа шығарды. Сондықтан Азияға анағұрлым мықты институттар қажет. Ниеттестік жөніндегі декларациялар қабылдаудың дәуірі өтті» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЦИФРЛЫҚ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев қауіпсіздік мәселесі әрқашан АӨСШК қызметінің негізгі басымдықтарының бірі екенін еске салды.

«Біздің ұйым дау-дамайды бейбіт жолмен реттеуге, қарусыздандыруға және бейбітшілікті нығайтуға айтарлықтай үлес қоса алады. Бүгінде мұның маңызы арта түсті» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы болашаққа бағдарланған ұйым бүгін бетпе-бет келіп отырған түбегейлі өзгерістерге дайын болуы керектігін айтты.

«Жасанды немесе супер интеллект қазірдің өзінде экономикалық даму мен ұлттық бәсекеге қабілеттілікті айқындайтын факторға айналды. Кибершабуылдар заманауи қақтығыстарды ушықтыруда төтенше рөл атқарады. Бұдан бөлек, жасанды интеллектінің бақылаусыз дамуы зор алаңдаушылық туғызады. ЖИ-дің мүмкіндігі молая түскенімен, оны халықаралық-құқықтық реттеу тетіктері жетіле қоймаған. Қазірдің өзінде ЖИ агенттерінің қорғау тетіктерін айналып өтіп, сыртқы жүйелерге рұқсатсыз қол жеткізу фактілері тіркелді. Егер халықаралық-құқықтық тетіктерді енгізу арқылы осы үдерістерді тоқтатпасақ, мұндай жағдайлардың салдары ауырлап, мемлекеттер арасындағы қақтығыс шиеленісе түсуі ықтимал. Жасанды интеллектінің дамуы адамзаттың оны тиімді бақылау қабілетінен асып түспеуі керек. Сондықтан сенімді нығайту шаралары цифрлық ортаға да тиесілі. Меніңше, АӨСШК қолда бар бес өлшемді алтыншы, яғни жасанды интеллектімен толықтыруы керек» деді Қазақстан Президенті.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев ЖИ технологияларын орынды пайдалану экономикалық өркендеуді жеделдететінін, сондай-ақ мемлекетті басқарудың тиімділігін арттырып, тұтас аймақтың даму мүмкіндігін кеңейте түсетінін атап өтті. Осы орайда, тәуекелдерді бірлесіп бақылау қажет.

«Жақында Вашингтонда қол қойылған Суперинтеллект бойынша келісімді құптаймыз. Шын мәнінде, бұл құжат Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы халықаралық шарттың негізі бола алады. АӨСШК аталған үдеріске зор үлес қосуға қауқарлы екеніне сенімдімін. Осы саладағы жаһандық күш-жігер аясында Қазақстан Алматыда БҰҰ ЭСКАТО тұрақты даму мақсаттары үшін Азия-Тынық мұхиты цифрлық шешімдер орталығын орналастырады. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске мүше мемлекеттер аймағымыздың цифрлық болашағын бірге қалыптастыру үшін орталық жұмысына атсалысады деп ойлаймын» деді Мемлекет басшысы.

«Қазақстан мен Әзербайжан маңызды кезеңге қадам басты. Елдеріміз Каспий табанымен тартылған Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін іске асыруға кірісті. Цифрлық Жібек жолы бірегей жобасы Еуразия кеңістігінде анағұрлым жылдам әрі қауіпсіз мәлімет алмасуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Азияның цифрлық әлеуетін нығайтып, ынтымақтастықтың тың бағыттары ашылады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі таңда энергетика қауіпсіздігіне қатер төніп тұрғанын айтты.

«Трансшекаралық энергетикалық инфрақұрылым қақтығыстардың зардабын жиі тартуда. Соның салдарынан әлемдегі энергетика нарығында тұрақсыздық белең алды. Бұл болжаусыз кезең дағдарыс аймағынан тыс елдердің де экономикалық өсімін тежеуде. Дәл осы себепті еліміз серіктестікке ден қойып отыр. Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан жасыл энергия жеткізу жөніндегі стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды. Осылайша, Каспий жасыл энергетикалық дәлізінің негізі қаланды. Бұл елдеріміздің энергетикалық жүйелерін өзара байланыстырып, Қара теңіз арқылы Еуропа нарықтарына шығуға жол ашады» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы АӨСШК қызметіндегі экологиялық бағыттың маңызы арта түскенін атап өтті. Оның пікірінше, су ресурстарының тапшылығы мен экожүйенің тозуы Азиядағы ең күрделі сын-қатердің біріне айналды.

«Азия мен Тынық мұхиты аймағында дүние жүзі халқының 60 пайызы мекендейді. Алайда бұл өңір әлемдік су қорының 35 пайызына ғана иелік етеді. Сәйкесінше, өңірдің су ресурстарымен қамтылуы жан басына шаққанда әлем бойынша төменгі орында. Қазақстан су ресурстары алдағы уақытта да ынтымақтастықтың көзі болуы керек деп санайды. Осыған орай технология алмасу, бірлесіп зерттеу және су үнемдейтін шешімдерді ілгерілету мақсатында АӨСШК су ресурстары серіктестігін құруды ұсынамын. Бұл ретте Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінде су ресурстарына қатысты жаһандық күн тәртібін жүйелі үйлестіруді қамтамасыз ететін Халықаралық су ұйымын құру бастамасын көтерді. Аталған ұсынысты АӨСШК мүше мемлекеттерінің қосылуына мүмкіндік бере отырып, Орталық Азия елдері мен Әзербайжан бірлесе ілгерілетуіне болады» деді Президент.

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ 1 МЛРД ДОЛЛАРҒА ӨСЕДІ

Мемлекет басшысы Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен кездесу өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммитіне қатысуға шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Ильхам Әлиевке алғыс айтып, саммиттің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Қазақстан Президенті Әзербайжан кеңеске төрағалық еткен кезеңде нақты бастамаларды ілгерілетуге және ұйымның халықаралық беделін күшейтуге сүбелі үлес қосқанына назар аударды. Кездесу барысында мемлекеттер басшылары өңірдегі бірегей жоба – Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін іске қосудың маңызына тоқталды. Теңіз табанымен жүргізілген желі екі елдің цифрлық байланысын күшейтіп, Еуропа мен Азия арасында тағы бір цифрлық дәліздің пайда болуына ықпал етеді. Осылайша, тұтас өңір тың мүмкіндіктерге қол жеткізеді. Президенттер сауда-экономикалық қарым-қатынастың қарқыны артып келе жатқанын мәлімдеп, өзара тауар айналымын 1 миллиард долларға жеткізуге ниетті екенін растады. Бұдан бөлек, Қазақстанның энергия ресурстарын Әзербайжан арқылы тасымалдау ауқымын ұлғайту, сондай-ақ өнеркәсіп, энергетика, көлік, логистика және ауыл шаруашылығы салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Тараптар мәдени-гуманитарлық ықпалдастық нығайып, білім беру, туризм салаларындағы әріптестік кеңейе түскенін және парламентаралық ынтымақтастық жанданып келе жатқанын жеткізді.

ТЕҢІЗ ТАБАНЫНДАҒЫ ЖЕЛІ

Президенттер Каспий теңізінің табаны арқылы Қазақстан мен Әзербайжанды жалғастыратын ұзындығы 380 шақырымдық талшықты-оптикалық байланыс желісін салтанатты түрде іске қосты. Жобаны «Қазақтелеком» АҚ мен AzerTelecom компаниясы бірлесіп жүзеге асырды. Бұл желі Қазақстанды және Орталық Азияның басқа елдерін, сондай-ақ Қытайды Еуропамен жалғайтын жаңа байланыс бағытының бір бөлігі саналады. Ол Жерорта теңізі мен Қара теңізде орналасқан байланыс жүйелеріне қосылуы мүмкін. Жоба Қазақстанның цифрлық экономикасын дамыту тұрғысынан стратегиялық мәнге ие. Атап айтқанда, ТОБЖ елімізде қосымша халықаралық байланыс желісін іске қосып, отандық нарыққа жаһандық технологиялық компанияларды тартуға және бұлтты сервистер мен жасанды интеллект инфрақұрылымын дамытуға жағдай жасайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жобаны іске қосу рәсімінде аталған желі Қазақстан мен Әзербайжанның Орта дәлізді дамыту бойынша бірлескен күш-жігеріне тың серпін беретінін айтты.

«Біз халықаралық маңызы зор бірегей жобаны іске қостық. Ең бастысы, бұл – жаңа заманның дәлізі. Яғни көлік дәлізі ғана емес, мүлдем жаңа дәуірге, цифрландыру кезеңіне тиесілі жаңалық. Бұл ынтымақтастықтың түбегейлі соны форматы, Орта дәліздің цифрлық түрінің жүзеге асырылуы десек болады» деді Қазақстан Президенті.

Ильхам Әлиев ТОБЖ-ны іске қосу арқылы Орталық Азия мен Әзербайжан арасындағы ықпалдастықты нығайтуға тағы бір қадам жасалғанын атап өтті.

«Былтыр Әзербайжан Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуіне толық мүше ретінде қабылданды, биыл мен осы ұйымға толық мүше ретінде қатыстым. Аталған жоба ынтымақтастықты тереңдетуге қосылған кезекті үлес болды. Яғни бұл желіні Орталық Азия елдері де, Оңтүстік Кавказ жұрты да, одан тысқары елдер де пайдаланады. Осылайша, бүгін жаһандық жобаны іске қостық» деді Әзербайжан Президенті.

ҚАЗАҚ-ҚАТАР СЕРІКТЕСТІГІ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммиті аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнимен кездесу өткізді. Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Қазақ-Қатар сан қырлы серіктестігін нығайту, сондай-ақ бірлескен инвестициялық және энергетикалық жобаларды жүзеге асыру перспективасына айрықша назар аударылды. Мемлекеттер басшылары халықаралық және өңірлік күн тәртібі, соның ішінде Таяу Шығыстағы ахуал жөнінде пікір алмасты.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ – БОРЫШЫМЫЗ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Премьер-министрі Никол Пашинянның шақыруымен Ереванда өткен COP17 аясындағы Биоалуантүрлілік бойынша көшбасшылар саммитіне қатысты. Қазақстан Президенті бірқатар мемлекеттер басшыларымен бірге Ереванда Карен Демирчян атындағы спорт-концерт кешенінде ұйымдастырылған COP17 қарсаңындағы Биоалуантүрлілік мәселелері бойынша көшбасшылар саммитінің ашылу салтанатын тамашалады. Іс-шара аясында мәртебелі меймандарға Жер шарының биоалуантүрлілігін сақтау және табиғатты аялау сияқты жаһандық мәні зор тақырыпқа арналған көрнекті интерактивті шоу көрсетілді.

Одан кейін Мемлекет басшысы Еревандағы «Meridian Expo and Event» орталығында өткен COP17 аясындағы Биоалуантүрлілік бойынша көшбасшылар саммитіне қатысты. Халықаралық жиын алдында Қазақстан Президентін Армения Премьер-министрі Никол Пашинян мен БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш күтіп алды. Қасым-Жомарт Тоқаев COP17 аясындағы Биоалуантүрлілік бойынша көшбасшылар саммитінде сөз сөйледі.

БӨЛІП-ЖАРМАУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕРЕК

Мемлекет басшысы саммитке қатысушыларға ілтипат білдіріп, қонақжайлық танытқаны және БҰҰ Биоалуантүрлілік бойынша конференциясы аясындағы көшбасшылар саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Премьер-министр Никол Пашинянға алғыс айтты. Президент табиғатты сақтау жөнінде келер ұрпақ алдында ортақ жауапкершілік пен халықаралық күш-жігерді үйлестіру қажет екенін еске салды.

«Біз табиғат тартуын болашаққа жеткізуді көздейтін халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында жиналып отырмыз. Яғни күрделі сын-қатерлермен бетпе-бет келуі ықтимал өскелең ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілік жөнінде сөз қозғадық. Бұл – біздің өркениетіміздің аман қалуына да қатысты мәселе. Өйткені биоалуантүрлілік адамдар игілігін, экономикалық орнықтылықты және ұзақмерзімді қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өте қажет. Бүлінбеген экожүйелер азықтүлік өндірісінде, су ресурстарын қорғауда және миллиондаған адамды кіріс көзімен қамтуда маңызды рөл атқарады. Шөлейттену және су тапшылығы, басқа да экологиялық проблемалар табиғат пен адам арасындағы нәзік тепе-теңдікке орасан қауіп төндіреді. Судың жеткіліксіздігі мен жердің тозуы миллиондаған адам үшін үйреншікті жағдайға айналды. Мұның салдары тым ауыр. Себебі бұл үдерістер мемлекеттер аумағынан әрі асып, орнықты дамуды тежейді әрі жаһандық тұрақтылыққа зардабын тигізеді. Мұқият ойластырылған және нақты шараларды қамтитын экологиялық күн тәртібі саяси қайшылықтарды еңсеруі қажет. Бізге шынайы серіктестікке, бөліп-жармауға негізделген, ең бастысы, нақты нәтижелерге қол жеткізуді көздейтін халықаралық ынтымақтастық керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯҒА АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан бірегей биоалуантүрлілігімен ерекшеленетінін айтты.

«Табиғаттың осы сыйын сақтау – жұрт алдындағы борышымыз, сондай-ақ халықаралық қоғамдастық алдындағы жауапкершілігіміз. Бұл құндылықтар Қазақстанның жаңа Конституциясында айқын көрініс тапты. Ел тарихында алғаш рет жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру мемлекеттіліктің негізін құрайтын қағидаттардың бірі ретінде Ата заңымызда бекітілді. Енді азаматтар табиғат пен оның ресурстарын көзінің қарашығындай сақтауға міндетті. Бұдан бөлек, азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғау мемлекеттің маңызды мақсаттарының бірі ретінде белгіленді. Табиғат байлығын сақтау экономикалық өрлеумен қатар жүруі керек екеніне сенімдіміз. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы осы құндылықтарды арқау еткен. Бұл қозғалыс қарапайым экологиялық тазалық ауқымынан шығып кетті. Оның азаматтардың дүниетанымы мен өмір салтына ықпал ететін жалпыұлттық идеологияға айналып келе жатқаны қуантады» деді Президент.

ТАБАНДЫ ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕСІ

Мемлекет басшысы Қазақстанның сирек кездесетін жануарларды сақтау мен көбейту жолындағы күш-жігеріне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан қазірдің өзінде биологиялық алуантүрлілікті сақтау саласында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізгенін мәлімдеді. Елімізде киік санының көбеюін осы жетістіктердің бірі ретінде атап өтуге болады.

«Мұз дәуірін өткерген ежелгі жануардың даламыздағы экологиялық тепе-теңдікті сақтаудағы орны ерекше. Бүгінде киіктің әлемдік популяциясының 98 пайызға жуығы қазақ даласын мекен етеді. Егер елімізде 2003 жылы небәрі 21 мың бас киік болса, биыл көктемге қарай бұл көрсеткіш 4,7 миллионға жетті. Сондай-ақ асқар тауларымыздың тұмарына баланатын қар барыстары популяциясын қалпына келтіру жұмыстары көңілге сенім ұялатады. Ілбіс тіршілік ететін ортаның 70 пайызға жуығы еліміздегі қорғалатын аумақтарға тиесілі. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары құрып кетудің аз-ақ алдында тұрған ілбістің популяциясы қар барысын қорғау және жүйелі ғылыми мониторинг шараларының нәтижесінде шамамен 190-ға дейін көбейді. Бұған билік органдарының, ғалымдар мен халықаралық серіктестердің ұзақ жылдар бойы табанды әрі аянбай атқарған жұмысының нәтижесінде қол жеткізілді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тұран жолбарысын тарихи мекеніне қайтару жұмыстарына қолдау көрсеткені үшін Ресей Федерациясына және оның Президентіне, БҰҰ Даму бағдарламасына, Дүниежүзілік жабайы табиғат қорына және басқа да халықаралық серіктестерге, үкіметтік емес ұйымдарға алғыс айтты. Сондай-ақ биыл шілде айында жетпіс жылдың ішінде алғаш рет жолбарыс табиғат аясына жіберілгенін жеткізді. Бұл Қазақстан үшін маңызды оқиға болды. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы чех, неміс және мажар әріптестерімізбен бірге қазақ даласына Пржевальский жылқыларын қайта жерсіндіру қолға алынғанын атап өтті.

АРАЛДЫҢ ТАҒДЫРЫН ҚАЙТАЛАМАУЫ ҚАЖЕТ

Президенттің пікірінше, Каспий теңізінің бірегей биоалуантүрлілігін қорғау қажет.

«Таяуда Түрікменстанда өткен алғашқы Каспий экология саммитінде шұғыл әрі үйлесімді шаралар қабылдауға шақырдым. Бұл нәзік экожүйеге орны толмас зиян келтіретін жағдайлардың алдын алу үшін қажет. Әсіресе, Каспий итбалығының жойылу қаупі ерекше алаңдатады. Соңғы ғасырда Каспий итбалығының саны 1 миллионнан 270 мыңға дейін азайған. Қазақстанда Каспий итбалығы сирек кездесетін және табиғи мекендеу орталарын қалпына келтіруді, түрлерді қорғауды және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін кеңейтуді көздейді. Бұдан бөлек, Ұлттық генетикалық биоалуантүрлілік банкін құруға кірістік. Қазақстан аймақтық деңгейдегі табиғатты сақтау шараларына белсене қатысады. Биыл сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит өтті. Жиын қорытындысы бойынша Орталық Азиядағы экологиялық ынтымақтастық жөніндегі Астана декларациясы қабылданды. Теңіз маңындағы бес мемлекеттің қолдауымен Қазақстан Каспий теңізінің су ресурстарын сақтауға бағытталған халықаралық бағдарлама қабылдау туралы бастама көтерді» деді Президент.



СУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАЛАЙ НЫҒАЙТАМЫЗ?

Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев ортақ істің бірнеше бағытын айқындады. Мемлекет басшысы су ресурстарын басқаруда берік байланыс қажет деп санайды.

«Өткен жылы Қазақстан БҰҰ жүйесінде Халықаралық су ұйымын құруды ұсынды. Бұл бастама Орталық Азия елдеріне ортақ әрі оған мүдделес мемлекеттердің барлығын қоса алады. Мақсатымыз – су қауіпсіздігін нығайтып, өзен-көлдер мен сулы-батпақты алқаптардың жай-күйіне тәуелді табиғи экожүйелерді қорғау» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті биоалуантүрлілікті сақтау үшін озық технологияларды кеңінен қолдануға шақырды.

«Бүгінде тиімді серіктестік цифрлық технология мен жасанды интеллектіге арқа сүйеуі қажет. Себебі олар экожүйелерді мониторингтеу, табиғи ресурстарды басқару және экологиялық қауіп-қатерді болжау әдістерін түбегейлі өзгерте алады. Қазақстан үшін жасанды интеллектіні дамыту және цифрлық трансформация – ұлттық басымдық. Астанадағы Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығын бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, биоалуантүрлілік деректерін талдау, алдын ала ескерту жүйелерін әзірлеу, сала мамандарын даярлау платформасы ретінде пайдалануды ұсынамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сөз соңында Мемлекет басшысы Биоалуантүрлілік жөніндегі конвенция хатшылығының өңірлік кеңсесін Алматыда орналастыруды ұсынды. Президенттің пікірінше, бұл кеңсе Орталық Азия елдеріне биоалуантүрлілік жөніндегі Куньмин-Монреаль жаһандық негіздемелік бағдарламасын жүзеге асыруға қолдау көрсетіп, ғылыми тәжірибе алмасуға және табиғатты қорғау жөніндегі бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ықпал ете алады. COP17 аясындағы Биоалуантүрлілікті сақтау бойынша көшбасшылар саммитінде Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Иран Президенті Масуд Пезешкиан, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш, ЮНЕСКО Бас директоры Халед Әл-Анани, Занзибар Президенті Хусейн Али Мвиньи және басқа да ресми тұлғалар сөз сөйледі.

БІРҚАТАР КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Ереванда өткен COP17 аясындағы Биоалуантүрлілік мәселелері бойынша саммит алаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ЮНЕСКО Бас директоры Халед Әл-Ананимен және Еуропалық комиссияның таза, әділ және бәсекеге қабілеттілікке көшу мәселелері жөніндегі атқарушы вице-төрағасы Тереза Рибераменен кездесті. Халед Әл-Ананимен кездесуде Қазақстанның ЮНЕСКО-мен білім беру, ғылым және мәдениет салаларындағы ықпалдастық перспективасы талқыланды. Халықаралық бастамаларды ілгерілетудегі ынтымақтастықты кеңейтудің маңызы айтылды. Бұл елдер арасындағы гуманитарлық байланыстарды дамытуды және диалогты нығайтуды көздейді. Ал Тереза Риберамен әңгімелесу барысында Қазақстан мен Еуропалық Одақтың орнықты даму, энергетика және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастығын нығайту мәселелері қозғалды.

№123 (5021) 17/10/2026 Сенбі

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ НЫСАНДАРЫ САЛЫНАДЫ

Елорданы дамыту барысында инфрақұрылымға ерекше көңіл бөлінеді. Қалада жылумен, электрмен жабдықтау, кәріз, нөсер суын ағызу және сумен жабдықтау нысандары салынып, жаңғыртылып жатыр. Бұл жөнінде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Астана қаласы бойынша, мәселен, 2024 жылы су тұтыну көлемі тәулігіне 340 мың текше метр болса, биыл бұл көрсеткіш 380 мың текше метрге жетті. Оның қуатын арттыру үшін бірқатар нысан салып, жаңғыртып жатырмыз.

Осыған дейін үшінші сорғы-сүзгі станциясын (3-ССС) салып, пайдалануға бердік. Жобаның қуаты – тәулігіне 105 мың текше метр. Келесі жылы 3-ССС станциясын кеңейту жобасына кірісуді жоспарлап отырмыз, бұл тәулігіне қосымша 70 мың текше метр су береді.

Сол сияқты маңызды жобалардың бірі – Тельман сорғы станциясынан техникалық су құбырын тарту. Жоспарланған 13,2 шақырым желінің 10,5 шақырымы төселді. Бұл су құбыры су дайындау станцияларына тәулігіне 50 мың текше метр бастапқы су жеткізеді.

Бұдан бөлек, Қ.Сәтбаев атындағы арнадан су жеткізетін құбыр тарту арқылы төртінші сорғы-сүзгі станциясын (4-ССС) салу жобасын іске асырып жатырмыз. Жобаның қуаты тәулігіне 210 мың текше метр болады.

Алдағы жылдары сумен жабдықтаудың магистралдық желілерін салу бойынша жалпы саны 20-ға жуық жобаны іске асыру қажет. Бұл жобалар елорданың әрі қарай дамуы мен су тұтыну көлемінің өсетінін ескере отырып, қаланы сенімді әрі үздіксіз сумен қамтамасыз етеді» деп жазды қала басшысы.



ЭТНОСАЯСАТ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Достық үйінде «Мемлекеттік этносаясат және этносаралық қатынастарды дамыту мәселелері» тақырыбында семинар ұйымдастырылды.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қазақстандық даму қауымдастығы ұйымдастырған іс-шараның мақсаты – ақпарат-түсіндіру топтары мүшелерінің кәсіби құзыретін арттыру, мемлекеттік этносаясат саласындағы білімін жетілдіру. Іс-шараға республикалық және өңірлік ақпарат-түсіндіру топтарының мүшелері, мемлекеттік органдардың өкілдері, азаматтық қоғам институттарының, сарапшылық қауымдастықтың, жастар ұйымдарының және этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты.

«Қазақстандық даму қауымдастығы» ЗТБ атқарушы директоры, семинардың модераторы Анар Битебаева аталған семинар еліміздің барлық өңірінде «Бірлік. Заң. Қоғам» республикалық бағдарламасы аясында өтіп жатқанын айтып, жоба таныстырылымын жасады. Ал Құрылтай депутаты Наталья Рамазанова «Этносаралық текетірес: қайшылықтардан қақтығыстарға дейін» тақырыбында сөз сөйледі. Гуманитарлық ғылымдар магистрі, дінтанушы, мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынастар жөніндегі сарапшы Әли Үкенов ақпарат-түсіндіру тобына ұлтаралық жанжалдың табиғаты жөнінде талдап, оны бақылау, болдырмау бағытында ұстануға тиіс негізгі қағидаларды ұсынды. Семинар соңында сала мамандарына сертификаттар берілді.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЛАРЫ АШЫЛАДЫ

Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев жақын күндері пайдалануға берілетін екі жаңа Оқушылар сарайының дайындығымен танысты.

«Tanym art» және «Tanym sport» кешендерінің әрқайсысы 750 орынға арналған. Сарыарқа ауданындағы Ақан сері мен С189К көшелерінің қиылысында орналасқан «Tanym art» кешені балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған. Ал Алматы ауданындағы М.Төлебаев көшесінде орналасқан «Tanym sport» орталығында оқушылар спортпен шұғылданып, физикалық қабілетін шыңдай алады. Жаңа орталықтарда балалар өнер, спорт, ғылым, техника және заманауи технологиялар бағытында қосымша білім алып, қызығушылығы мен қабілетін дамытуға мүмкіндік алады. Бұл нысандар оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және олардың жанжақты дамуына жағдай жасайды.

Айта кетейік, жыл басында Астанада 750 орындық «Tanym» көпфункционалды кешені пайдалануға



берілген еді. Бүгінде ол балалардың шығармашылық қабілетін шыңдап, жаңа бағытты меңгеруіне мүмкіндік беретін білім беру орталығына айналды.

«Қала әкімдігінің қолдауымен елордада қосымша білім беру инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғаса бермек. Жаңа нысандардың ашылуы балалардың сапалы қосымша білім алу мүмкіндігін кеңейтіп, олардың шығармашылық, зияткерлік және спорттық әлеуетін дамытуға ықпал етеді» делінген хабарламада.

КІТАП – МӘДЕНИЕТ БАСТАУЫ

Астанадағы №5 балалар кітапханасында «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған «Кітап және тұлғалық даму» тақырыбында мотивациялық кездесу өтті.



Іс-шараның негізгі мақсаты – жастарды сапалы әдебиетпен таныстыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ олардың өзін-өзі дамытуға, кәсіпкерлік ойлау қабілетін жетілдіруге және soft skills дағдыларын меңгеруге деген қызығушылығын арттыру.

Кездесуге Астана қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 2-3-курс студенттері, стартап-клубтар мен бизнес-инкубаторлардың өкілдері, сондай-ақ студенттік кеңестердің мүшелері қатысты.

– «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында марафон басталды. Марафон барысында қатысушылар жеті бағыт бойынша алты ай ішінде 15 кітап оқып шығуы керек. Бұл бастама Қазақстан азаматтарының кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға және еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған. Бүгін сіздер студентсіздер. Алдағы уақытта қызметке орналасып, қоғаммен етене араласа бастағанда, дәл қазір оқыған кітаптарыңыздың пайдасын көресіздер. Кітап адамға білім беріп қана қоймай, ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдауды үйретеді және өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Сондықтан бүгінгі оқыған әрбір кітабыңыз болашақтағы жетістіктеріңізге негіз бола алады, – деді «Кітап оқитын ұлт» жобасының Астана қаласы бойынша жобалық кеңсесінің басшысы Жақсыбай Боранбаев.

Оның айтуынша, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру – жеке адамның дамуы ғана емес, тұтас қоғамның алға басуына ықпал ететін маңызды қадам. Білімді, ізденімпаз әрі ой-өрісі кең ұрпақ қалыптастыру еліміздің болашағы үшін айрықша мәнге ие.

ПАТРИОТИЗМ ПАРАСАТЫ

Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейде «Мен елімнің дамуы үшін» атты жиын өтті. Сан саланың басын қосқан жиылыстың негізгі мақсаты – отаншылдық, рухани, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу.



Жиында Отанды құр сөзбен сүйіп қана қоймай, оның әрбір тау-тасын, өзен-көлін, топырағын, әрбір құндылықтарын қадірлеп, келешек ұрпаққа аманаттап қалдыру жайы сөз болды. Әркім өз саласында адал, шынайы әрі нәтижелі қызмет етсе, түптің түбінде мұның жақсылығын өзі де, елі де көретінін жеткізді зиялы қауым өкілдері. Сонымен бірге кездесуге келген әртүрлі саланың білгірлеріне жас өрендер «білім», «мамандық», «патриотизм», «еңбек», «құқық» бағытындағы бірқатар сұрақ қойып, тұшымды жауап алды.



Жүздесуге Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қаламгер Төлен Әбдік, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Серік Тұрғынбекұлы, Қазақстанның құрметті заңгері, III дәрежелі мемлекеттік әділет кеңесшісі, генерал-майор Әсет Әділхан, Ішкі істер министрлігінің полковнигі Бауыржан Ашитов, Сырбай Мәуленов атындағы қоғамдық қордың президенті, заң ғылымдарының докторы, профессор Қасым Мәуленов, Олимпиада чемпионы, Вел Баркер кубогының игері Серік Сәпиев, сондай-ақ педагогтар, оқушылар және т. б. қатысты.



Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу және даму кезеңінде өнірлік экономиканы нығайту, инвестиция тарту, отандық кәсіпкерлікті қолдау және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелері мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдықтары ретінде айқындалды. Осы ауқымды міндеттердің елорда деңгейінде жүйелі және тиімді жүзеге асуын қамтамасыз етіп отырған маңызды институттардың бірі – «АО «SPK» Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы.

SPK ASTANA және ҚОҒАМ ИГІЛІГІ

Тарихқа көз жүгіртсек, әлемдегі кез келген дамыған мемлекеттің табысының артында экономикалық өсімді қамтамасыз ететін және әлеуметтік тұрақтылыққа қызмет ететін тұрақты даму институттары тұрғанын көреміз. Біздің еліміз үшін осындай институттардың бірі – әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар. Ал солардың ішінде Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей ықпал етіп, елорданың инвестициялық тартымдылығын арттырып келе жатқан құрылым – «АО «SPK» Astana».

Астана – тек әкімшілік орталық қана емес, ол – бүкіл ел дамуының айнасы, жаңа бастамалар мен тың идеялардың ордасы, ұлттық экономиканың негізгі драйверлерінің бірі. Сондықтан елорданың тұрақты және орнықты дамуы бүкіл мемлекеттің дамуына тікелей әсер етеді. Осы жауапты миссияны орындау жолында «АО «SPK» Astana» көп жылдан бері нәтижелі еңбек етіп келеді. Корпорация Астана қаласы әкімдігінің жалғыз акционері болып табылатын өңірлік даму институты ретінде қалыптасқан және оның қызметі тек қаржы айналымын ұйымдастырумен немесе активтерді басқарумен шектелмейді. Бұл – мемлекет пен бизнестің күшін біріктіретін, жеке бастамаларға мемлекеттік қолдау көрсететін және қоғам мүддесіне жұмыс істейтін көпсалалы ұйым.

АУҚЫМЫ КЕҢ SPK ASTANA

Қазіргі таңда «АО «SPK» Astana» қызметінің ауқымы өте кең. Оның негізгі бағыттарының қатарында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, қаланың коммуналдық және корпоративтік активтерін тиімді басқару, азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, шағын және орта бизнесті қолдау және әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бар. Яғни, корпорация тек экономикалық жобалармен ғана шектеліп қалмай, қаланың тыныс-тіршілігіне тікелей әсер ететін барлық саланы қамтып отыр.

Қарапайым тілмен айтқанда, корпорация жұмысының нәтижесі әрбір астаналықтың күнделікті өмірінен көрініс табады. Тұрғындар күнде баратын сауда павильондарынан бастап, дүкен сөрелеріндегі бағасы тұрақталған әлеуметтік нан мен көкөніске дейін, кәсіпкерлерге берілетін дайын бизнес орындарынан бастап, қалаға тартылған ірі инвесторлардың жаңа нысандарына дейін – барлығы «АО «SPK» Astana»-ның жүйелі жұмысының жемісі.

Атап айтқанда, Активтерді басқару департаменті қаланың коммуналдық меншігіндегі және корпоративтік активтердің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Бұл – сырт көзге бірден байқалмайтын, бірақ қаланың экономикалық тұрақтылығына тікелей әсер ететін аса маңызды сала.

Департаменттің қарауында тұрғындар күнде көріп жүрген жүздеген нысан бар: бос жатқан жер учаскелері, аяқталмаған құрылыс нысандары, сауда павильондары, коммуналдық ғимараттар мен басқа да мүліктер. Осы активтердің әрқайсысына жеке талдау жасалып, оны қалай тиімді іске қосуға болатыны зерделенеді. Нәтижесінде қараусыз жатқан мүлік кәсіпкерге табыс әкелетін бизнеске, ал қала үшін бюджетке түсетін тұрақты табыс көзіне айналады.

Өйткені тиімді басқарылған әрбір актив – бұл жай ғана ғимарат емес, ол қала бюджетіне түсетін қосымша табыс, жаңа инвестиция тартуға мүмкіндік және жүздеген жаңа жұмыс орындарын ашу деген сөз.

Ал Азық-түлік қауіпсіздігі департаментінің жұмысы әрбір отбасы үшін ерекше маңызға ие. Қазіргі жаһандық экономикалық құбылмалылық пен азық-түлік нарығындағы бағаның күрт құбылуы жағдайында бұл бағыт стратегиялық сипатқа ие болып отыр.

Департаменттің басты міндеті – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, тұрақтандыру қорын қалыптастыру және нарықтағы тепе-теңдікті сақтау. Бұл үшін жыл сайын күзде арзан бағамен көкөніс, картоп, сәбіз, пияз сынды өнімдер қорға жиналып, қыс-көктем мезгілінде нарық бағасынан төмен бағамен сатылымға шығарылады.

Бұдан бөлек, наубайханалармен меморандум жасалып, әлеуметтік нанның бағасы бір қалыпта ұсталып келеді. Осы бағыттағы жүйелі және күнделікті атқарылып жатқан жұмыс – мыңдаған отбасының әлеуметтік қорғалуына, дастарқанының берекелі болуына және сапалы азық-түлікке қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадам.

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ

Кәсіпкерлік саласындағы жұмыстар ерекше атап өтуге тұрарлық. Корпорация құрамындағы Шағын және орта бизнесті дамыту департаменті мен «Астана кәсіпкерлерін қаржылай қолдау орталығы» бүгінде елордалық кәсіпкерлердің сенімді серіктесіне айналды. Мұнда бизнесті жеңілдетілген шарттармен қаржыландыру, инвестициялық жобаларды сүйемелдеу, тегін кеңес беру және кәсіпкерлік ортаны дамыту бағытында кешенді қолдау көрсетіледі.

Ал осы жұмыстың жалғасы ретінде Көше саудасы департаменті жүзеге асырып отырған «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасы көптеген азаматтың кәсіпкерлікке алғашқы қадамын жасауына нақты жол ашты. Бұл – қала көшелеріндегі заманауи, бірыңғай үлгідегі сауда павильондарын кәсіпкерлерге қолжетімді бағамен жалға беру жобасы.

Аталған жоба арқылы жүздеген адам алғаш рет өз ісін бастап, тұрақты табыс көзіне қол жеткізді. Бүгінде сол павильондарда астаналықтар күнделікті қажетті ыстық бәлішінен бастап, гүл, кофе, жеміс-жидек сатып алып жүр. Яғни, бұл бағдарлама бір жағынан шағын бизнесті қолдаса, екінші жағынан, қала тұрғындарына қолайлы қызмет көрсету сапасын арттырып отыр.

Сонымен қатар, Заң департаменті, Стратегия және корпоративтік даму басқармасы мен Әкімшілік қамтамасыз ету бөлімдері корпорация жұмысының құқықтық, қаржылық және ұйымдастырушылық тұрғыдан сапалы әрі ашық жүзеге асуын қамтамасыз ететін негізгі тіректер болып табылады.

Яғни, әрбір инвестициялық жоба, әрбір жасалған шарт Заң департаментінің егжей-тегжейлі сараптамасынан өтеді. Ал Стратегия және корпоративтік даму басқармасы корпорацияның алдағы жылдарға арналған даму бағытын айқындап, қаржылық тұрақтылығын қадағалайды. Ал Әкімшілік қамтамасыз ету бөлімі барлық департаменттердің үйлесімді әрі үздіксіз жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Корпорацияның табысты қызметінің негізінде кәсіби басқару жүйесі жатыр. 2023 жылдан бері «АО «SPK» Astana» Басқарма төрағасы қызметін Баймұқаш Бауыржан Серікұлы атқарып келеді. Қаржы және құқық салаларында жоғары білімі бар маман ретінде ол корпорация жұмысына жүйелі көзқарас алып келді. Бауыржан Серікұлының басшылығымен корпоративтік басқарудың ашықтығы мен жауапкершілігін арттыруға, инвестициялық жобаларды сүйемелдеу тетіктерін жетілдіруге және әлеуметтік бағыттағы бастамалардың практикалық нәтижесін күшейтуге басымдық берілуде. Осы кезеңде корпорацияның бизнес қауымдастықпен өзара іс-қимылы реттеліп, инвесторлармен жұмыс істеу мәдениеті жаңа деңгейге көтерілді және қабылданатын шешімдердің тиімділігі мен жеделдігі артты. Бұл жетістіктер елорданың дамуына бағытталған әрбір жобаның кездейсоқ емес, ұзақ мерзімді жоспар мен жүйелі еңбектің нәтижесі екенін айқын көрсетеді.

Елорданың дамуына бағытталған әрбір жоба – ұзақ мерзімді жоспар мен жүйелі еңбектің нәтижесі.

Бүгінде «АО «SPK» Astana» дәл осы жүйелі жұмыстың маңызды буынына айналды. Корпорация мемлекет пен қоғам, инвестор мен кәсіпкер арасындағы өзара сенімді нығайтып, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып келеді. Инвестиция тарту, қала активтерін тиімді басқару және кәсіпкерлікті қолдау арқылы қала экономикасының ілгерілеуіне нақты үлес қосып отырған алтын көпір десек те болады.

Елорданың ертеңгі келбеті – бүгінгі атқарылған нақты істердің жемісі. Сондықтан «АО «SPK» Astana» алдағы уақытта да қаланың орнықты дамуы мен астаналықтардың әл-ауқатын арттыру жолында нәтижелі еңбек ете бермек.

Нұрсұлтан НҰРХОЖАЕВ

№123 (5021) 17/10/2026 Сенбі



ЕГЕМЕНДІКТЕН ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ҚАРЫШТЫ ҚАДАМ

Дүниеде халықтың жасампаз даңқы арқылы, сол халықтың танылатыны – заңды құбылыс. Ежелгі кезеңнен халықтың әл-ауқаты мен тұрмысы – елдің абыройы мен айбыны болып табылған. Ол қажымас талпыныстар мен қажырлы еңбектің нәтижесінде орныққан. Мұндай әлеует – мемлекет дамуының түп қазығы. Қазақстандық жалпыхалықтық идеясының ерекшелігі – ежелден келе жатқан тарихи сананың ұрпақтар сабақтастығында.

Евразиялық кеңістікте мәдени әлеуетін қалыптастырған қазақ халқы – көрші жұртпен байланысын үзбей, өзіндік өркениет құрған бірегей ұлт. Ұлық Ұлыс кезеңінің Әлем тарихына және Ұлы дала мемлекеттілігінің, мәдениетінің және рухани дәстүрінің қалыптасуына ықпалын мәлімдеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты Халықаралық симпозиумда сөйлеген сөзінде Алтын Орданың түрлі өркениеттердің дамуына, мемлекеттердің қалыптасуына ықпал еткен аса ірі саяси құрылым болғандығын және Еуразия кеңістігіндегі көптеген мемлекеттер Ұлық Ұлыстың басқару жүйесін басшылыққа алғандығын, Ұлық Ұлыс тарихы жөнінде зерттеу жүргізудің ұлт жылнамасы және әлем тарихы үшін де маңыздылығын атап өткен болатын.

Ұлы далада ұлттық құндылықтар жасаумен қатар, мәдени ықпалдасу нәтижесінде рухани жаңғырту үрдістері де қатар жүрді. Қазақтың өзіндік дәстүр-салты, қайталанбас бабалар мұрасы орнықты. Кез келген ұлттың даму деңгейі, оның әлемдік өркениет көшіне ілесуі, яғни мәдениетінің даму деңгейінен көрінеді. Қазақ ұлтын оның жыр-эпостары, ән-күй, салт-дәстүрінсіз елестету мүмкін емес. Тәуелсіздік кезеңінің басты жетістігінің бірі – қазақ мәдениетінің қайта жаңғыруы және әрі қарай дамуы болып табылады. Ұлттық мәдениетпен қатар Қазақстанды мекендейтін түрлі этностардың мәдени дамуы да жаңа сапалы сатыға өтуімен ерекшеленеді. XXI ғасыр – қоғамның барлық салаларын үздіксіз жаңғыртып, дамытудың басты факторына айналды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жоғары әлеуметтік жауапкершілік, халықтың неғұрлым әлсіз буындарына атаулы көмек көрсету қағидаттары бойынша, бүкіл мемлекеттік, қоғамдық және жеке институттарды кең ауқымды жаңғырту бойынша жұмыстар маңызға ие болды. Біреу түсінер, біреу түсінбес «алдымен экономика» тұжырымдамасының бекуі, дәл осы мәселелерден туындаған-ды. Яғни, жаһандық сын-қатерлердің құшағында тұншықпау мақсатында ауқымды заманауи жобалар қажет болатын. Құбылмалы үдерістерге шыдас беруге бейімделу және межелеген мақсатқа жететін жол табу қажет болды. Ел мүмкіндігін ескере, әлемдегі ең дамыған елдермен иық түйістіру басты мақсатқа айналды. Дәстүрлі азат – рухты көтеру және нығайту. Мемлекеттің нығаюына әсер еткен түрлі тарихи оқиғалардың желісін қайта зерделеу. Тарихтың «ақтаңдақ» беттеріне қайта үңілу және одан тарихи таным алу. Ол: тарихи сананы жаңғырту; тәуелсіз рухтың заңғар әлеуетін көрсету. Алыс және жақын шет елдермен қарым-қатынастағы дипломатиялық келісімнің рөлін арттыру. Осылайша, Қазақстан дербес мемлекет ретінде экономикалық даму үрдістерінің мол тәжірибесін жинақтай XXI ғасырға қадам басты.

Қазақстан дербес мемлекет ретінде экономикалық даму үрдістерінің мол тәжірибесін жинады. 1990 жылдардың басында ел экономикасын реттеуде заманауи уақыт талабына сай жұмыстар қолға алынды, тарихтың жаңа беттері айқындалды. Тәуелсіздік тұғырын қондыру – әкімшілік-әміршілдік жоспарлы экономиканы нарыққа көшіру, заманауи демократиялы және азаматтық қоғамның негізін орнату жүзеге асырылды. Әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қайта құру және жаңаша қоғамдық жүйені қалыптастыру, әлемдік үдерістерге сүйенетін шаруашылықты жүргізудің жаңа сапалық үлгісін жасау қажет болды. Қазақстандағы аралас экономиканың қалыптасуы дәстүрлі шаруашылықтың әлсіреуіне, бағаның құнсыздануына және т.б. үдерістерге жеткізген экономикалық күйзеліс жағдайында бастау алды. Нарықтық талаптарға сай экономиканың ұлттық құрылымын құру үшін Қазақстанға түрлі бағыттар мен қоғам және шаруашылықтың барлық деңгейі бойынша басымдылықтарды анықтау қажет болды. Қысқа мерзім ішінде ашық нарықтық экономика мен демократиялық даму үлгісін таңдау арқылы қоғамды және экономиканы реформалау міндеттері мүмкіндігінше тиянақталып, өзіне тән айқын сипаты бар жаңа мемлекеттілік құрылым жасалуда. Тарихи дамудың заманауи кезеңінің іс-қимылдары арқылы нәтижелі қарымды қадамдарға ұмтылыс жасалуда.

Жаңа XXI ғасыр басындағы Қазақстанда қабылданған жаңа шешімдер нәтижелері ашық нарықтық экономика даму үлгісінің таңдалуының дұрыстығын айқындады. Қазақстанның тұрақты даму жолындағы жоспарланған өзекті мәселе – әлеуметтік мемлекет құру. Қазақстан жаңа мыңжылдықтың дағдарысы жағдайында «алдымен экономика, содан кейін саясат» қағидасы бойынша алға жылжыды. Көп адамдар Қазақстанды әу баста экономикалық ырықтандыру бағытын таңдап, терең саяси реформаларды кейінге қалдырғаны үшін сынға алса да, алайда, уақыт бұл бағыттың әділдігін көрсетіп отырғандығына американ конгрессмені Крис Кэннон сараптама жасай келе, ойын былайша қорытындылайды: «…Әрине, қателіктер де, олқылықтар да болды, алайда Қазақстанның қарқынмен алға жылжып келе жатқандығын мойындауымыз қажет».

Зияткерлік ұлт қалыптастырудың, бәсекеге қабілетті қауым тәрбиелеудің негізі – жаһандану мәдени төлтумалық пен рухани дербестікті сақтап қалуда. Осы мақсатта «Білім беру туралы» Заңы, «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасы, «Ғылым туралы» Заң қабылданды. Білім беру саласының екі қыры негізделді: утилитарлық-тәжірибелік және рухани-адами тәрбие беру. Біріншісі бойынша, жаңа технологияны пайдалану қажеттілігі ескеріліп, нарықтық экономика сұранысын қамтамасыз ету. Жоғары қатаң әлемдік стандартты есепке ала, білім беру саласына түпкілікті реформа жүргізудің үш кезеңмен жүргізу қыры айқындалды: жан-жақты, орта мерзімді және ұзақмерзімді. Дүниежүзілік білім беру жүйесіне кірігу үшін Қазақстанның білім беру жүйесін халықаралық сапа деңгейіне көтер мақсаты қойылды. Азаматтардың бәсекеге қабілеттілігі олардың білім деңгейімен айқындалды.

Қоғамдағы жеке адам, тұлға, отбасы мүшелері өздерінің даму «мүмкіндік көздерін» айшықтай алуы шарт, сонда ғана адам бойындағы барлық әлеуетін пайдалана алады және жетістіктер мен молшылыққа кенеледі. Ол елдің табысына айналады. Ол әрбір адамның, маманның, жауапкершілік алып отырған басшылардың көзқарасын жаңғыртуы, түйсіне отырып, жаңа өмір сапасына мүдделілік таныту қажеттілігіне сұранысты өсіреді. Бұл – айтуға оңай болғанмен, іс жүзінде қиын дүние. Еңбек пен салауатты өмір-салтына адамдардың ыждаһаттықпен шынайы ұйыса алуы нәтижесінде ғана жүзеге асырылады. Сонда ғана қазақстандық өнімдердің сапасы артып, қазақстандық білім және ғылыми орта көзқарастары мен өтімділігі нақты тарихи үрдісте өмір сүреді.

Зерделі тұрғындары бар жаңаша әлеуетті қоғам құрудың алғышарты: мәдени-тарихи, рухани ресурстарды жұмылдыру арқылы ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру. Оған алғашқы қадамдар жасалуда. Атап айтқанда: жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында ғалымдардың тағылымдамадан өтуіне қаржының бөлінуі, инновациялық білім ошақтарының сапасын арттыру, ғылыми зерттеу жұмыстарының деңгейін көтеру және оның нәтижелерінің тәжірибе жүзінде қолдану маңыздылығына мән беру күн тәртібінде.

Қазіргі заман дәуірінде білім мен ғылымды дамыту мақсатында елімізде әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын білікті ғалымдар мен инженерлерге, өнертапқыштарға сұраныс артып отыр. Қазақстан басты тірегі ғылым мен инновацияға құрылған әділ де инклюзивті әрі бәсекеге қабілетті экономика құру мұратын алға қойып отыр. Әлемдік көштің алдыңғы қатарына шығу үшін даналыққа жол ашып кеткен Алаш тұлғаларынан тағылым алу, саналы қоғамның сапалы да әлеуетті заманауи тұлғаларын қалыптастырудың рөлі маңызды болмақ. Бұған мүмкіндіктер де, әлеует те жеткілікті.

Құндызай ЕРИМБЕТОВА,
Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институтының «Деректер» бөлімінің басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты

ОТАНШЫЛДЫҚ ДӘРІПТЕЛДІ

Астана қаласының Мемлекеттік архивінде «Уақыт керуені: Жазушы көзімен» атты студент жастарға арналған шығармашылық кездесу өтті. Іс-шараның арнайы қонағы – жазушы-тарихшы Ұлербек Дәлейұлы. «Құрмет» орденінің, ақын Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері, жазушы Ұ.Дәлейұлымен кездесу тізгінін ақын Ұмтыл Зарыққан ұстады.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

– Ұлақаң алдымен өлең жазып жүрді де кейін прозаға ойысты. «Хат бармайтын қыстақ», «Қарғыбаулы қасқыр» кітаптары бар. Поэтикалық нұсқадан эссе сипатындағы әңгімеге келіп, «Жошы ханға» түсті. Сол арқылы бәрімізді таңқалдырды. Бұдан соң «Батуханға» қалам тербеді. Біз жүретін ұлы жолдың басында Жошы хан және соның ұрпақтары бар. Сол ұлы жол жалғасып келеді. Міне, Ұлағаң осындай дүниелерді жазу арқылы ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесін қосып келеді. Жазушы кітабынан әлеуметтік желі арқылы хабарларыңыз бар шығар деп ойлаймын. Оқуға кеңес беремін, – деді ақын Ұмтыл Зарыққан.

Кездесуге келген жастар жазушыға сауалдар жолдап, тұшымды жауап алды.

– Поэзия болсын, проза болсын әдебиет деген жанрдың үлкен бөлшектері.

Мен Ғұндар заманын көп зерттеймін. Соларды көп оқимын, олар бесаспап болған, олардың қолынан бәрі келген. Жинақтап айта келгенде, осының барлығы біздің қанымызда бар. Біз – сол ерекше бабалардың тұқымымыз. Біз көшпенді өмірді көрдік. Туып өскен жеріне қарай адамның мінезі, болмысы қалыптасады. Қалың тау, орман, мыңғырған төрт түлік мал, даладағы боздаған ботаның дауысы соның барлығы жүрегімізді қозғап ақын қылып жіберген шығар деп ойлаймын. Мен 16 жасымда өлең жаздым. Қазір қырықтан асқан соң адам ақыл тоқтатады. Тарихи романдарды бала кезімде көп оқығанмын, содан болса керек, тарихи дүниелерді жазып жүрмін, – деді жазушы Ұлербек Дәлейұлы.

«Ашық микрофон» форматында студенттер жазушыға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, тарих, әдебиет және шығармашылық тақырыптарында еркін пікір алмасты. Астана қаласының Мемлекеттік архиві ұйымдастырған кездесу кешінің соңы белсенді студенттерге автордың қолтаңбасы қойылған кітаптар табысталып, естелік фотосуретке түсумен тәмамдалды.

№123 (5021) 17/10/2026 Сенбі

ТАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?



Елдегі «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының ең басты маңызы қоршаған ортаны абаттандырумен немесе белгілі бір аумақты тазалаумен ғана шектелмейді. Бұл бастама қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, туған қаламызға, табиғатқа деген жауапкершілікті арттыруға бағытталған үлкен әрі жүйелі жұмыс деп есептеймін.

Елорда күн сайын өсіп, дамып келеді. Жаңа тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, жолдар мен қоғамдық кеңістіктер салынып жатыр. Қаланың аумағы кеңейген сайын оның тазалығын сақтау, абаттандыру және көгалдандыру жұмысының ауқымы да арта түседі. Сондықтан Астананың таза, жасыл әрі жайлы қала болуы тек коммуналдық қызметтердің жұмысына байланысты емес. Бұл – мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, бизнес өкілдерінің және ең бастысы әрбір тұрғынның ортақ міндеті.

«Астана Тазалық» ЖШС үшін бұл бағыттағы жұмыс – күнделікті қызметіміздің ажырамас бөлігі. Біздің мамандар елорданың санитарлық тазалығын қамтамасыз ету, көшелер мен қоғамдық аумақтарды күтіп ұстау, абаттандыру және қалалық ортаның жайлылығын арттыру бағытында тұрақты жұмыс атқарады. Қыстың аязы мен жаздың ыстығына қарамастан, қызметкерлеріміз қаланың тазалығы үшін күн сайын еңбек етеді. Сонымен қатар біз үшін тұрғындардың экологиялық бастамаларға белсенді қатысуы өте маңызды. Себебі тазалықты қамтамасыз етудің ең тиімді жолы – қоқысты жинау ғана емес, ең алдымен, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру. Әр азамат қоқысты белгіленген жерге тастап, қоғамдық орындарға жауапкершілікпен қарап, өзі тұрған аумақтың тазалығына үлес қосса, оның нәтижесі бүкіл қаладан көрінеді.

«Таза Қазақстан» аясында атқарылып жатқан жұмыстардың маңызды бағытының бірі – көгалдандыру. Жасыл желек – қаланың көркі ғана емес, жайлы әрі қолайлы қалалық ортаның маңызды бөлігі. Сондықтан жаңа ағаштарды отырғызумен бірге, олардың жерсінуіне жағдай жасап, тұрақты күтім көрсетуге де ерекше назар аудару қажет.

«Таза Қазақстан» бастамасының тағы бір маңызды қыры – жас ұрпаққа беретін тәрбиесі. Балалар мен жастар үлкендердің қаланы тазалап, ағаш отырғызып, табиғатқа жанашырлық танытып жүргенін көргенде, экологиялық жауапкершілікті күнделікті өмірдің қалыпты қағидасы ретінде қабылдайды. Бұл – болашаққа салынған инвестиция. Бүгін қалыптасқан тазалық мәдениеті ертең қоғамның тұрақты әдетіне айналуы тиіс. Біз «Таза қала» деген ұғымды тек көшеде қоқыстың болмауы деп түсінбеуіміз керек. Таза қала – тұрғындары қоршаған ортаны құрметтейтін, қоғамдық кеңістікті өз үйіндей көретін, табиғи ресурстарға жауапкершілікпен қарайтын қала.

Астана – еліміздің астанасы, Қазақстанның келбетін танытатын қала. Сол себепті де шаһардың тазалығы мен абаттандырылуы бәріміз үшін маңызды. Мегаполис тұрғындары мен қонақтары елорда көшелерінде өзін жайлы сезінуі керек. Ал оған жету үшін коммуналдық қызметтердің еңбегімен қатар, қоғамдық жауапкершілік те қажет. «Астана Тазалық» ұжымы осы жауапкершілікті жақсы түсінеді. Біз елорданың тазалығын қамтамасыз ету бағытындағы күнделікті жұмысымызды жалғастыра береміз. Сонымен бірге «Таза Қазақстан» аясындағы іс-шараларға белсенді қатысып, ұйымдармен және қала тұрғындарымен бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз.

Альберт ЕСАЛИЕВ,
«Астана Тазалық» ЖШС
бас директоры





Астанада «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасы аясында Еуразиялық банктің қызметкерлері Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасымен бірлесіп, №118 және №107 жайлы мектептердің аумағын көгалдандыру акциясын өткізді.

МЕКТЕПТЕР АУМАҒЫН КӨГАЛДАНДЫРДЫ



Акцияға білім беру мекемелерінің өкілдері мен «Жер елшілері» жастар экологиялық қозғалысының мүшелері қатысып, 100-ден астам көшет отырғызды. №118 мектептің аумағына 50 алма ағашы егілді. Білім ордасының директоры Лаура Балабаева мұндай бастамалар өскелең ұрпақтың табиғатқа ұқыпты қарау дағдысын қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтті.

– Табиғатты аялау және қоршаған ортаның тазалығын сақтау – Отанға деген сүйіспеншілік пен жоғары азаматтық мәдениеттің көрінісі. Даналыққа толы халқымыз ағаш отырғызуды ежелден игілікті әрі сауапты іс деп санаған. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген мақал да бекер айтылмаған, – деді ол.

Еуразиялық банктің Астанадағы филиалының директоры Әсия Құлдыбаеваның айтуынша, акцияға қатысушылардың бірлескен көмегімен мектеп аумағында жаңа жасыл аллеяның негізі қаланды. Ол бастаманы қолдаған барша азаматқа алғыс айтып, отырғызылған ағаштар тамыр жайып, уақыт өте келе саялы аллеяға айналады деген үмітін білдірді. Еуразиялық банк экологиялық жобаларға қатысу қоғамдық қызметінің негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, акция аясында мектеп аумақтарын көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінді. Себебі қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау дағдысын бала кезден қалыптастыру маңызды.

ЭКОСАҒАТҚА ҚАТЫСТЫ

2026-2027 оқу жылында астаналық мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбиеге арналған экосағаттар әр айдың үшінші аптасында өтеді. Жаңа бастама аясындағы алғашқы сабақ «Су – Қазақстанның байлығы: бағала, қорға, сақта!» тақырыбымен өтіп, оған елорданың барлық орта білім беру ұйымынан 300 мыңға жуық оқушы қатысты.

Балалардың табиғи ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Экосағаттар», «Таза Қазақстан» акциялары, сенбіліктер, көгалдандыру жұмыстары, экологиялық челлендждер, зерттеу жобалары мен байқаулар елордадағы барлық мектепте өтуде. Оқушыларға суды, электр энергиясын және басқа да табиғи ресурстарды үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау, қоршаған ортаны ластамау, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау бойынша түсіндіру және практикалық жұмыстар жүргізіледі.

Су ресурстарын қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Aqua Lab жобасы аясында оқушылар суды үнемдеу жолын зерттеп, тәжірибелер жүргізеді, мектептегі су тұтыну деңгейін бақылап, су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған өз ұсынысын әзірлейді. Сонымен қатар экологиялық экскурсиялар, мамандармен кездесулер, жобалар мен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылады.

Іс-шара барысында білім алушылар үшін судың адам өміріндегі, табиғаттағы және қоғам дамуындағы маңызы кеңінен түсіндірілді. Олар су ресурстарының шектеулі екенін, суды тиімді пайдалану қажеттігін және әр адамның су қорын сақтауға қосатын үлесі бар екенін талқылады.

Сабақтарда «Суды не үшін үнемдеу қажет?», «Күнделікті өмірде суды қалай аз жұмсауға болады?», «Су ресурстарын қорғауға мен қандай үлес қоса аламын?» деген сұрақтар төңірегінде пікір алмасып, білім алушылардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға бағытталған тапсырмалар орындалды. Сонымен қатар бейнематериалдарды пайдалану білім алушылардың назарын шынайы экологиялық мәселелерге аударып, теориялық ақпаратты күнделікті өмірдегі нақты мысалдармен байланыстыруға жағдай жасайды.

Экологиялық тәрбие бір реттік акциямен шектелмейді. Ол баланың күнделікті әдеті-нен, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасынан және өз әрекетінің салдарын түсінуінен қалыптасады. Сондықтан Астанадағы экосағаттар жүйесінің негізгі идеясы – «экология туралы айту» емес, «экологиялық тұрғыдан әрекет етуге үйрету». Алдағы уақытта әр айдың үшінші аптасында өтетін экосағаттар аясында қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және «Таза Қазақстан» құндылықтарын күнделікті өмірде жүзеге асыруға бағытталған түрлі тақырып қамтылады.



Табиғатты қорғау болашақ туралы ойлаудан басталады. Ал болашаққа жауапкершілік баланың бүгінгі әрекетінен қалыптасады. «Қамқор» жобасы білім алушылардың бойында мейірімділік, жанашырлық, қайырымдылық, өзара көмек және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталады. Жоба аясында білім алушылардың қоғамға, отбасыға, қарт адамдарға, балаларға, ерекше қолдауды қажет ететін азаматтарға және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауын қалыптастыратын әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар білім алушылардың волонтерлік мәдениетін дамытуға, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуына, өзара сыйластық пен жауапкершілік сезімін арттыруға ерекше мән беріледі. Әлеуметтік жобаларды іске асыру барысында білім алушылардың жас ерекшелігі, қызығушылығы мен мүмкіндігі ескеріледі. Жобаны іске асыруға директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілері, мектеп парламенті, волонтерлік клуб жетекшісі, химия және биология пәндерінің мұғалімдері тартылады. Олар білім алушылардың әлеуметтік бастамаларын қолдап, жобаларды жоспарлау, ұйымдастыру және қорытындылау жұмыстарын үйлестіреді.

Экосағаттың басты мақсаты – білім алушыға табиғатты қорғау туралы ақпарат беру ғана емес, экологиялық білімді нақты әрекетке айналдыру. Сабақты сапалы әрі бірізді өткізу үшін білім беру ұйымдарына арнайы «Су сандығы» әдістемелік ресурстар кешені ұсынылды. Оның құрамына тақырыптық сабақ жоспарлары, арнайы әзірленген бейнематериалдар, ақпараттық және көрнекі ресурстар енгізілді. Бұл материалдар педагогтарға экосағаттарды ұйымдастыруда әдістемелік қолдау көрсетіп, тақырыпты білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес мазмұнды түрде ашуға мүмкіндік береді.

ТӘРТІПТІҢ КӨРІНІСІ

Елорда аумағында тазалық пен абаттандыру талабының сақталуына бағытталған рейд пен профилактика іс-шаралары жалғасуда.

Шаһар тазалығын сақтау әр тұрғынның ортақ міндеті екенін ескере келе, кезекті рейд барысында А.Кравцов көшесінде қоғамдық орынға темекі тұқылын тастаған 24 жастағы екі азамат анықталды. Құқық бұзушыларға қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, заңнамаға сәйкес жауапқа тартылды. Жыл басынан бері елордада абаттандыру қағидаларын бұзуға қатысты 35 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталған. Полиция азаматтарды қоршаған ортаны таза ұстауға, қоқысты белгіленбеген жерге тастамауға және қала тазалығына жауапкершілікпен қарауға шақырады.

№123 (5021) 17/10/2026 Сенбі

ҚАЗАҚ БАЛАСЫ НЕГЕ ӘЛСІЗ?..



Ертеден жеткен ертегі-жырларда қазақ батырларының бейнесін суреттегенде «жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай» деген теңеулер жиі кездеседі. Ат үстінде күн кешіп, ел қорғаған бабаларымыздың дене бітімі ғана емес, табиғаттың талқысынан өткен шымырлығы да осындай сөздермен сипатталатын.

Шапағат ӘБДІР

Қазір сол ертегі-аңыздардың кейіпкерлеріндей жілікті де білікті азаматтар азайғандай көрінгенімен, арамызда әлі де бар. Олар спортта, әскери салада, түрлі ауыр кәсіпте жүр. Алайда бүгінгі балаларға қарап отырып, баяғы қазақтың қарулы бозбала бейнесін елестету барған сайын қиындап бара жатқандай.

Кейде мектеп жасындағы балалармен амандасып, қол алыса қалсаңыз, қолының әлсіздігінен-ақ өзгеше әсер аласыз. Білегі бос, алақаны жұмсақ. Бұрынғыдай күнделікті тіршілікпен шыныққан, қара жұмыспен қайралған дене бітім байқала бермейтін болды. Әрине, жігіттің мықтылығы тек қолының күшіне немесе бұлшық етінің шымырлығына байланысты емес. Бірақ бір кездері табиғи түрде шымыр болып өскен халықтың дене бітімінің нәзіктене түсуі ойландырмай қоймайды.

– Бұрын бала еңбекке ерте араласатын. Ауылдағы тіршілік мал бағу, отын-су тасу, үй шаруасына көмектесу, үлкенге қолғабыс ету секілді күнделікті жұмыспен тығыз байланысты болды. Ағайынның шаруасына араласу, туған-туысқа көмектесу де тәрбиенің бір бөлігі еді. Мұның бәрі баланың мінезін ғана емес, денесін де шыңдайтын. Ал қазір техниканың дамуы мен тұрмыстың жеңілдеуі қара жұмысты азайтты. Баланың уақыты көбіне мектеп, телефон, компьютер және басқа да цифрлық дүниелердің арасында өтіп жатыр. Соның салдарынан табиғи қимыл-қозғалыс та кеміді, – дейді астаналық тұрғын Жасұлан Баққожа.

ӘЛЖУАЗ БАЛАДАН ӘЛДІ ҰРПАҚ ТУМАЙДЫ

Бұл мәселе тек сыртқы дене бітіміне қатысты емес. Балалардың денсаулығына байланысты көрсеткіштер де алаңдатады. 2024-2025 жылдардағы медициналық есептер мен Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйенсек, елімізде жыл сайын 5,1 миллионнан астам бала профилактикалық тексеруден өтеді. Осы тексерулер барысында мектеп оқушыларының шамамен 11 пайызынан алғаш рет созылмалы немесе асқынған ауру түрлері анықталған. Яғни жыл сайын 242 мыңнан астам балаға жаңа диагноз қойылады. 14 жасқа дейінгі балалар арасында аурушаңдық көрсеткіші де кейінгі жылдары өскен. 2021 жылы әр 100 мың балаға шаққанда 94,8 мың жағдай тіркелсе, 2024-2025 жылдары бұл көрсеткіш 96 мыңға жеткен. Оның ішінде тыныс алу мүшелерінің аурулары бірінші орында тұр. Әр 100 мың балаға шаққанда 47,8 мың жағдай тіркелген. Ал 2025 жылғы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша Қазақстанда аутизм диагнозы қойылған кәмелетке толмаған балалардың саны 14,5 мыңнан асқан. Бұл көрсеткіштің 2019 жылмен салыстырғанда 5,1 есеге өскені айтылады. Олардың басым бөлігі – 6-14 жастағы мектеп оқушылары. Мұның бәрі ұрпақ денсаулығына кеңірек қарау қажет екенін көрсетеді. Себебі мықты ұлт ең алдымен дені сау ұрпақтан құралады. Бұл жерде ер балалардың денсаулығына қатысты мәселені де айналып өтуге болмайды. Мәселен, елімізде түрлі деңгейдегі репродуктивті бұзылысы бар немесе белсіздікке шалдыққан ер адамдардың саны 1,5 миллионға жуықтайды деген дерек бар. Дәрігер-андрологтардың айтуынша, ерлер денсаулығына қатысты көптеген мәселенің негізі жасөспірім кезеңде қалыптасады. Скринингтен өткен жасөспірім ұлдардың 90,3 пайызынан әртүрлі урология патологиялары анықталғаны да осы мәселеге бейжай қарауға болмайтынын аңғартады. Бұл – ертеңгі демографияға да әсер ететін мәселе. Сондықтан баланың денсаулығына мектепке барған кезде емес, дүниеге келген сәтінен бастап мән берген жөн. Әрине, мемлекет бұл бағытта түрлі бағдарлама арқылы қолдау көрсетіп келеді. Қазақстанда ЭКҰ бағдарламалары 1995 жылдан бері жүзеге асырылып, осы уақыт ішінде олардың көмегімен шамамен 50 мыңға жуық бала дүниеге келген. Бүгінде елде 30-дан астам ЭКҰ орталығы жұмыс істейді. Ал 2021 жылдан бері Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында мыңдаған отбасыға мүмкіндік берілді. Дегенмен мұндай шаралар мәселенің салдарын шешуге көмектескенімен, оның түпкі себебін жоймайды. Сондықтан баланың денсаулығына тек дәрігер немесе мемлекет емес, ең алдымен, отбасы, мектеп және тұтас қоғам болып жауапкершілікпен қарау керек. Денсаулықты ауруды емдеуден бұрын сақтауды үйренуіміз қажет.

МӘСЕЛЕН, ЕЛІМІЗДЕ ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕГІ РЕПРОДУКТИВТІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР НЕМЕСЕ БЕЛСІЗДІККЕ ШАЛДЫҚҚАН ЕР АДАМДАРДЫҢ САНЫ 1,5 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚТАЙДЫ ДЕГЕН ДЕРЕК БАР. ДӘРІГЕР-АНДРОЛОГТАРДЫҢ АЙТУЫНША, ЕРЛЕР ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ КӨПТЕГЕН МӘСЕЛЕНІҢ НЕГІЗІ ЖАСӨСПІРІМ КЕЗЕҢДЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ

ЕҢБЕК ЕР ЕТЕДІ

Әрине, бұрынғы ұрпақтың шымыр болуының бір себебі – олардың күнделікті өмірінің өзі қозғалыс пен еңбекке құрылғанында. Бүгінгі балаға ондай табиғи жүктеме аз. Ендеше оны спортпен, дене жаттығуларымен, таза ауадағы белсенді өмірмен алмастыруға тура келеді.

– Кезінде бәрі де қол еңбегі арқылы өсетін. Ал қазір ғылым мен техника дамуының арқасында адамдар қара еңбектен гөрі жеңіл жұмысқа ауысты. Сондықтан балалардың шымыр болмауын жастайынан еңбекке араласпауынан деп айтуға болады. Әрине, шымыр балалар да бар. Бірақ олардың көбі – спортпен жүйелі айналысатындар. Сондықтан барлық жұмыс тек ақыл-оймен бітеді деп отыра беруге болмайды. Спортпен айналысып, түрлі жаттығу жасатып, балаларды шымыр етіп тәрбиелеуге барынша күш салуымыз әрі оларды ауыр жұмыс болмаса да, түрлі еңбек арқылы шыңдауды әдетке айналдыруымыз керек, – дейді тас көтеруден рекордсмен, палуан Мұрат Нұрғазин.

Оның үстіне, бүгінгі балалар қазы-қарта, айран, сүт сияқты құнарлы тағамдарды аз жейді. Оның орнына донер, бургер, фаст-фуд жеп, тәтті сусындарды көп тұтынады. Мұндай тағамдар қарын тойдырғанымен, ағзаға қажетті барлық қоректік заттарды толық бере бермейді. Бұл жерде мәселе тек ет жеу немесе жемеуде емес. Негізгі мәселе – баланың жалпы тамақтану мәдениетінде. Құнарлы тағамның азайып, дайын әрі жеңіл тағамның көбеюі ағзаның әлсіреуіне, дұрыс тамақтанбауға және дене белсенділігінің төмендеуіне алып келуде.

– Бұрын балалар сабақтан кейін аулаға шығып, жүгіріп, футбол ойнап, велосипед теуіп, түрлі қимылды ойындарға қатысатын. Ал қазір бос уақыттың едәуір бөлігі экран алдында өтеді. Бір орында ұзақ отыру, аз қозғалу, ұйқы тәртібінің бұзылуы баланың физикалық дайындығына кері әсер етуде, – дейді Астана қаласының тұрғыны Бекен Тұрғынбеков.

Айналып келгенде, кеудесіне отын жарсаң да былқ етпейтін бабаларымыздың бейнесін аңыздан ғана іздемей, оны бүгінгі ұрпақтың денсаулығы мен тәрбиесінен де көре алсақ, ұтқанымыз сол болар еді. Осы мәселенің бәрін ескере келе, қазіргі әскердегі физикалық талаптар мен әскери тәртіптің де қоғамдағы өзгерістермен бірге қайта қаралуы керек деп ойлаймыз. Өйткені бұрынғыдай әскери жаттығулармен бұрынғы жүйенің қалыптасқан машығына қазіргі балалардың денсаулығы жарамыз. Сондықтан олар тез жараланады. Дене қуаты көп нәрсеге шыдамайды. Соны түсінуіміз де маңызды.

«АҚЫН БОП ҒҰМЫР КЕШУ...»

Астана – ақындардың қаласы. Аз күнге алыстасақ, сағынып тұратын болдық. Ілкі келген жылдары іркілдік пе, әлде алакөзденіп қараған ағайынға бауыр баса алмадық па, қайдам, боздауықтың бірі болып едік. Кері кетуге қам жасап, «Астана суық екен, адамдары да...» деген әңгімені абайламай айтып қойсақ керек, қазір сол сөзіміз үшін ұялып та жүрміз. Сәл әріден сөз өрбітсек...

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

– Алғаш Астанаға келгенде үйренісе алмадық. Оралға кері оралғымыз келіп тұрды. Бірақ қазір бауыр басып қалдық. Алғашқы күндердей емес, туған қаламыздай болып кетті. Қуанарлығы – келген бойда жұмыстың табыла кеткені. Тұлғаларды тани бастадық. Астанаға келген соң алғашқы кітабым жарық көрді. Таныстырылымын Ұлттық кітапханада өткіздім, ағаларым қатысып, ақ батасын берді. Әзірге баспана жалдап, отбасымды асырап жүрмін, өкпем жоқ. Менің білуімше, мемлекет жастарға жақсы қолдау білдіріп жатыр. Сол жақсылық бізге де бұйыратын шығар, – деді ақын Ернар Жақсыбаев.

Елордалық жас ақын-жазушылардың қолдаусыз қалып жатқаны жоқ. Мемлекет тарапынан көптеген игі істің жасалып жатқанын жас қаламгерлер жоққа шығармайды.

– Мемлекет тарапынан жас ақындарға өте жақсы қолдау көрсетіліп отыр. Мысалы, былтыр ғана «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» жобасы аясында 20 жас ақын-жазушының кітабы жарық көрді. Олардың арасында мен де бармын. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағының бірлесе жүзеге асырып жатқан осы ауқымды мемлекеттік жобасы биыл да жалғасын тауып жатыр. Бұл жобаның әдебиеттегі жаңа, жас есімдерді танытуға қосып жатқан үлесі зор деп есептеймін, – деді жас ақын Айзада Бүркітқызы.

Астана жас қаламгерлердің аяулы қаласы екенін сезіне бастадық. Бәрінің бірдей болмаса да, бірен-сараны қара жаяу емес. Пәтері бар. Мемлекеттік қолдауға ие болған. Кездесулерде тілдесе қалсақ шүкірін айтады. Сонда да өз аузынан бірдеңе білгіміз келіп, «Күз келген жоқ, қалаға көктем келді» деп жырлаған ақын Олжас Сәндібекке «Астана ақшамы» газетінің атынан хабарласып, жағдайын білгіміз келген. Сөйтіп, сауал жолдадық. Көп кешікпей жауабы келді.

– Шынымды айтсам, «біздің де жағдайды сұрайтын біреу бар екен ғой» деп таңырқап отырмын. Осы орайда «Астана ақшамы» газетінің ұжымына алғыс айтқым келеді. Рақмет! Жеке басыма келсем, күнделікті өмір барлық қазақстандық секілді күйбең тіршілікпен өтіп жатыр. Жұмыс пен үйдің арасында киім тоздырып дегендей. 15 жылдан бері журналистикадан нан тауып жүрміз десек те, бұл саланың дамуына қатырып үлес қоса алмадық. Жанрлардан жұрдай болып, тек қана ақпараттың ағынымен кеттік. Бұрылуға да, тынығуға да мұрша жоқ. Ал шығармашылығым, өлеңім туралы сұрасаңыз, оны да өндіріп жазып жүргенім жоқ. Құралақан да емеспін. Құдай дегенге жеткізсе, алдағы жылға екі кітап дайындап жатырмын. Бірі – поэзия, екіншісі – қазақ әдебиетінде аты айтылмай кеткен ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар. Осы кітаптарды жазып болған соң, мемлекеттік тапсырысқа ұсынсам деген үмітім де бар. Жалпы біздің мемлекет қаламгерлерге қырын қарап отырған жоқ. Қолдаудайын қолдап-ақ жатыр. «Кітап оқитын ұлт қалыптастырамыз» деген идеяның өзі қалам иелеріне деген құрметті білдіреді, – деп ағынан жарылды ақын Олжас Сәндібек.



ЖИ көмегімен жасалды

Атақты ақын Төлеген Айбергенов «Ақын боп ғұмыр кешіру оңай деймісің, қарағым, аузында болу бұл өзі, сыздаған барлық жараның...» деп жыр жазған еді. Шынында, ақын боп ғұмыр кешу оңай болмағанымен, бүгінгі заманға бейімделіп, қоғамның қалт жіберген тұсын өлеңмен өрген жас ақын да, жазушы да жоқ емес, бар. Шүкір етері де осы. Мемлекетіміз ақыны мен жас жазушысын қолдап жатса, рухтандырар талай дүниелер туар әлі...

ПАРАСАТТЫЛЫҚ ПЕН АДАЛДЫҚ – ӨРКЕНИЕТТІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ БАҒДАРЫ

Қазіргі дамыған әлемде сыбайлас жемқорлық дерті кез келген мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен орнықты өркендеуіне зор қауіп төндіретін негізгі жаһандық мәселелердің қатарынан түспей келеді. Бұл жағымсыз құбылыс – тұрақты зерделеуді, бірізді жүйелі көзқарасты, сондай-ақ кешенді де шұғыл қарсы әрекеттерді талап ететін заманауи қоғамның өзекті түйткілі.

Әлемдегі ең озық әрі дамыған елдердің өзі жаңа сын-қатерлерге жауап ретінде жемқорлыққа қарсы күрес тәсілдерін ұдайы қайта қарап нормативтік құқықтық базасын қатаңдатып жатқаны баршамызға аян. Кеселдің терең тамыр жаюы ұлттық экономиканың тұрақты өсуін тежейді, инвестициялық ахуалға кері әсер етеді, нарықтағы ашық бәсекелестікті шектеп, елдің халықаралық аренадағы беделін төмендетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөздерінде сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басты басымдығы болып қала беретінін, Әділетті Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіпке негізделген қоғамдық сананы қалыптастыру қажеттігін үнемі баса айтып келеді. Заңдылық пен жоғары моральдық құндылықтарды ту еткен ортада жемқорлыққа орын жоқ. Ал бұл кеселді түбегейлі жою үшін бүкіл қоғам болып жұмылып, әрбір азамат өзіне жүктелген міндетті адал да әділ атқаруы тиіс.

Осы орайда, Астана қаласының Байқоңыр ауданында парасаттылық мәдениетін басты бағдар еткен сапалы да нәтижелі іс-шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Қоғам өкілдерінің, құқық қорғау құрылымдарының, ғылыми-сарапшылар қауымдастығының, қоғам белсенділері мен жас буынның басын біріктірген ғылыми-практикалық конференциялар, ашық сұхбаттар, дәрістер мен дөңгелек үстелдер тұрақты өтуде. Аудан тұрғындарының мұң-мұқтажын назарда ұстап, өзекті мәселелерге жедел шешім табу үшін жергілікті өкілетті органдар, мәслихат депутаттары және мекеме басшылары аймақтарды ұдайы аралап, жүйелі түрде ашық қабылдаулар өткізеді. Ауданның өркендеуіне, көркейіп, гүлденуіне бей-жай қарамайтын белсенді азаматтардың ұсыныстары мен бастамалары басқару шешімдерін қабылдауда негізгі тиек болып табылады. Осындай қоғамдық бақылау мен тығыз ынтымақтастық қана әділеттілік орнаған ортаның қалыптасуына кепіл болады.

Мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімі, ең алдымен, ашықтыққа, адалдыққа және жауапкершілікке негізделеді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызметшілер арасында жоғары кәсіби әрі әдеп стандарттарын қалыптастыру – маңызды бағыттардың бірі. Осы бағытта аудан әкімі аппаратының жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын ала анықтау, олардың туындауына жол бермеу және мемлекеттік қызметшілердің заңнама талаптарын сақтауына ерекше мән беріледі. Бұл жұмыстарды жүйелі түрде жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті өкілдерінің қатысуымен мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қызметтік әдеп мәселелеріне арналған жиын тұрақты өткізілуде.

Сонымен қатар аудан аумағында мемлекеттік қаржының ашықтығын қамтамасыз ету және халыққа жайлы орта қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, тұрғындардың тікелей қатысуымен жүзеге асатын «Халық қатысатын бюджет» сияқты жобалар ашықтық пен қоғамдық бақылаудың жарқын үлгісіне айналды. Ағымдағы жылы ауданда тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз орта құру мақсатында 107 аула, 4 жаңа қоғамдық кеңістік абаттандырылып, 3 мыңға жуық жасыл желек отырғызылуда.

Атап айтқанда, 17 аула кешенді абаттандырылса, 11 аула тұрғындардың тікелей бақылауымен «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жаңартылды. Сонымен бірге, 90 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру мақсатында заманауи қоғамдық кеңістіктер бой көтерді. Соның ішінде «Тұлпар» сауда орталығының маңындағы бұрын ретсіз әрі заңсыз орналасқан сауда нысандары толық сүріліп, орнына тұрғындардың серуендеуіне арналған қолайлы да көрікті демалыс орны құрылды. Бұл оң өзгерістер ауданның тұрғын алаптарын да қамтыды. Мәселен, Өндіріс тұрғын алабындағы Ақпан көшесінде бос жатқан аумақ абаттандырылып, балалар алаңына айналды. Сондай-ақ «Қоянды» саяжай алқабында да тұрғындар көптен күткен демалыс орны бой көтерді. Тұрғындардың ұсыныстарын ескере отырып жасалған мұндай кешенді абаттандыру жұмыстары – Әділетті Қазақстанның әрбір аулада, әрбір көшеде орнығуының айқын дәлелі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – жекелеген құқық бұзушылықтардың жолын кесумен ғана шектелмейтін, мемлекеттің орнықты дамуы мен қоғамның әл-ауқатына тікелей әсер ететін стратегиялық міндет. Бұл бағыттағы нәтижелі жұмыс заң талаптарын күшейтумен қатар, қоғамдық сананы жаңғыртуды, ашықтық пен есептілікті орнықтыруды және әр азаматтың заң алдындағы жауапкершілігін арттыруды талап етеді. Себебі сыбайлас жемқорлыққа қарсы ең берік тосқауыл – тек бақылау тетіктері емес, адалдықты өмірлік қағидасына айналдырған азаматтық ұстаным. Әділет пен заң үстемдігі орныққан қоғам ғана ұзақ мерзімді дамудың берік негізін қалыптастыра алады. Сондықтан бүгінгі әрбір адал шешім, заңсыздыққа жол бермеу және қоғамдық мүддені жеке пайдадан жоғары қою – елдің ертеңіне қосылған нақты үлес.

Нұрлан АЛИМЖАНОВ,
Астана қаласы Байқоңыр ауданының әкімі

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ТҮСІНДІРІЛДІ

Астанада «Қаржылық мониторинг агенттігінен цифрлық қауіпсіздік сабақтары» форумы өтті. Жиында қатысушыларға алаяқтардың ең көп қолданатын схемалары түсіндірілді. Форумда қарапайым дәрістердің орнына нақты мысалдар, таныстырылымдар мен интерактивті тапсырмалар ұсынылды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Іс-шара ашық микрофон форматында өтті. Қатысушылар мамандарға сұрақ қойып, күмәнді жағдайларды талқылап, тақырыптық викторина барысында өз білімдерін тексере алды. Мұндай интерактивті формат цифрлық қауіптерді күрделі терминдерсіз, күнделікті өмірмен байланыстыра отырып түсіндіруге мүмкіндік берді. Іс-шара Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Форумға 1500-ден астам студент қатысты. Талқылауға мемлекеттік органдардың өкілдері, депутаттар, қоғам қайраткерлері және танымал медиа тұлғалар да қосылды.

Кездесудің негізгі тақырыптарының бірі дипфейктер болды. Бұл – ЖИ көмегімен жасалған немесе өзгертілген суреттер, бейнежазбалар мен аудиожазбалар. Мұндай жалған материалдар арқылы таныс адамның, танымал тұлғаның немесе тіпті ұйым басшысының бет-бейнесі мен даусын қолдан жасауға болады. Сарапшылардың айтуынша, мұндай алаяқтықтың қауіптілігі – қылмыскерлер нейрондық желілердің техникалық мүмкіндіктерін ғана емес, адамдардың эмоциясын да пайдаланады. Мысалы, адам танысынан шұғыл ақша аударуды сұраған бейнехабарлама алуы немесе қиын жағдайға тап болған туысының даусын естуі мүмкін. Мұндай кезде үрейге бой алдырып, алдаудың белгісін байқамай қалу оңай.

CitizenSec компаниясының қаржылық қауіпсіздік жөніндегі сарапшысы Гүлдана Жұматай мен Қаржылық мониторинг агенттігінің офицері Гүлзия Қарсыбай цифрлық алаяқтықтың заманауи тәсілдерін талдап, күмәнді контентті тексеру кезінде нені ескеру керегін түсіндірді. Қатысушылар арасында алаяқтықтың кең тараған түрлерінің бірі дропперлік те талқыланды. Ұйымдастырушылар әлеуметтік инженерияға да назар аударды. Бағдарламада интерактивті форматтарға да ерекше мән берілді. Қатысушылар сарапшылардың баяндамаларын тыңдап қана қоймай, нақты мысалдарды талдап, ашық микрофон арқылы сұрақтар қойып, тақырыптық викторинаның тапсырмаларына жауап берді.

АИТВ: НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы, ол иммундық жүйенің жасушаларын зақымдайды және емделмеген жағдайда ағзаның қорғаныс күштерінің айтарлықтай әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Қазіргі заманғы антиретровирустық терапияның арқасында АИТВ бүгінде бақылауға болатын созылмалы ауру болып табылады: емді уақтылы бастап, оны тұрақты қабылдайтын адамдар ұзақ және белсенді өмір сүре алады.

АИТВ мен ЖИТС ұғымдарын ажырату маңызды. АИТВ – иммундық жүйені біртіндеп зақымдайтын вирус. ЖИТС – жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы, тиімді ем болмаған жағдайда дамуы мүмкін АИТВ инфекциясының ең соңғы сатысы. Қазіргі таңда заманауи терапия адамдардың басым көпшілігінде ЖИТС-тің дамуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

АИТВ белгілі бір биологиялық сұйықтықтар, ең алдымен, қан, шәует, қынаптық бөлінділер және емшек сүті арқылы берілуі мүмкін.

АИТВ-ның негізгі берілу жолдары:

- қорғанышсыз вагинальды немесе анальды жыныстық қатынас;
- ортақ ине мен шприцтерді пайдалану;
- жүктілік, босану немесе емізу кезінде анадан балаға берілуі;
- терінің зақымдалуына байланысты ем-шаралар кезінде стерильді емес құралдарды пайдалану.

Сонымен қатар, АИТВ күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас арқылы берілмейді. Қол алысу, құшақтасу, ортақ ыдысты пайдалану, бассейнге немесе дәретханаға бару, жөтелу немесе маса шағуы арқылы АИТВ жұқпайды.

АИТВ-ны адамның өзін-өзі сезінуіне қарап анықтауға бола ма?

Жоқ, анықтау мүмкін емес. Жұқтырғаннан кейінгі алғашқы апталарда кейбір адамдарда тұмауға ұқсас белгілер: дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, тамақ ауруы, лимфа түйіндерінің ұлғаюы пайда болуы мүмкін. Ал кейбір адамдарда ешқандай байқалатын белгілер болмайды.

Сондықтан АИТВ мәртебені білудің жалғыз сенімді жолы – тест тапсыру. Егер ықтимал жұқтыру жағдайы жақында болған болса, «терезе кезеңін» ескеру маңызды: тым ерте жасалған тесттің теріс нәтижесі инфекцияның жоқтығын әрдайым жоққа шығармайды.

АИТВ-ны емдеу

Емдеудің негізі – антиретровирустық терапия (АРТ). Ол АИТВ-ны толық жоймайды, бірақ оның көбеюін басып, иммундық жүйенің қалпына келуіне және қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Дәрі-дәрмектерді тұрақты қабылдаған кезде вирустық жүктеме зертханалық әдістермен анықталмайтын деңгейге дейін төмендеуі мүмкін. Вирустық жүктеме тұрақты түрде анықталмайтын деңгейде болған жағдайда адам АИТВ-ны жыныстық серіктесіне жұқтырмайды. Бұл қағида А=Б («анықталмайтын = берілмейтін») деп аталады.

АИТВ-дан қалай қорғануға болады?

Алдын алу шараларына бірнеше тиімді тәсіл жатады:

- мүшекаптар пайдалану;
- ортақ ине мен шприцтерді пайдаланбау;
- АИТВ-ға және жыныстық жолмен берілетін басқа да инфекцияларға тұрақты түрде тест тапсыру;
- жұқтыру қаупі жоғары адамдарға арналған PrEP (экспозицияға дейінгі профилактика);
- АИТВ-мен ықтимал байланыстан кейінгі PEP (экспозициядан кейінгі профилактика) оны мүмкіндігінше тез, әдетте байланыстан кейін 72 сағаттан кешіктірмей бастау қажет.

Неліктен тұрақты түрде тест тапсыру маңызды?

Тестілеу инфекцияны дер кезінде анықтап, емдеуді бастауға мүмкіндік береді. Адам өзінің АИТВ мәртебесін неғұрлым ерте біліп, медициналық көмек алса, денсаулығын сақтауға және вирустың басқа адамдарға берілуінің алдын алуға соғұрлым көп мүмкіндік болады.

Есте сақтаңыз: АИТВ – үкім емес. Қазіргі заманғы медицина инфекцияны тиімді бақылауға мүмкіндік береді, ал дұрыс емдеу мен алдын алу шаралары аурудың болжамын айтарлықтай жақсартады. АИТВ – қазіргі заманғы терапияның көмегімен бақылауға болатын инфекция. Ол күнделікті қарым-қатынас және тұрмыстық байланыстар арқылы берілмейді. АИТВ-ның берілу жолдарын білу, алдын алу әдістерін қолдану және уақтылы тестілеуден өту денсаулықты қорғауға және инфекцияның таралуын азайтуға көмектеседі.

Д.АДИПАЕВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК эпидемиолог көмекшісі

ХАБАРЛАМА

«Астана қаласы әкімдігінің аппараты» атынан «Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС-900 (бес миллион сегіз жүз тоқсан бес мың тоғыз жүз) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. 25.09.2026 жылғы жалғыз қатысушысының шешімі бойынша «Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС БСН 120340003574 жарғылық капиталдың мөлшері 5 895.

«Ваш столичный ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi.

Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры, қоғам ардагері Махамбет Батырбаевтың баласы

Исатайдың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңестің мүшелері Л.О.Марабаева, Р.Ж.Исаев, Н.Ж.Марабаев, Т.О.Асенов, А.М.Сабирбаева.

Қалалық Ардагерлер және Есіл ауданының Ардагерлер кеңесінің мүшесі, қалалық Ардагерлер кеңесінің медиатоб мүшесі Құспан Қарлығаш Бәкенқызының ардақты да аяулы қызы

Ахметова Сәуле Ануарбекқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жанұясы мен балаларына, туған-туыстары және жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№123 (5021) 17/10/2026 Сенбі

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына және 15-1-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 қазандағы № 1521 «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 қазандағы № 60/98 «2026 жылғы 29 қарашаға Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» қаулысына және 2026 жылғы 13 қазандағы № 60/99 «2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың үлгілік күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Астана қаласының сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жерлері туралы ақпаратты ұсынамыз.

Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы
010000, Астана қ., Бейбітшілік көшесі 9,
каб.201, 224, 225, 226, 227
тел. 8 (7172) 55-01-85, 55-64-41, 55-73-65, 55-54-54, 34-68-16, 34-64-05;
e-mail: tic_ast@saylau.kz

Сайлау комиссиясындағы лауазым Тегі, аты, әкесінің аты
Комиссия төрағасы - Жумабеков Бейсембай Куанышович
Төрағаның орынбасары - Абуева Лаззат Еркентаевна
Хатшы - Шарипов Шракпай Муратович
Комиссия мүшесі - Аппазов Казбек Ербасарович
Комиссия мүшесі - Искакова Сайран Кабдолдиновна
Комиссия мүшесі - Кошембаева Гульсум Мадиевна
Комиссия мүшесі - Тиыштық Дархан Казыбекұлы

«Алматы» ауданының аумақтық сайлау комиссиясы
010000, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы 40
тел.: 8 708 497 25 02, 255024;
e-mail: tic ast_alm@saylau.kz

Сайлау комиссиясындағы лауазым Тегі, аты, әкесінің аты
Комиссия төрағасы - Рыжков Вячеслав Васильевич
Төрағаның орынбасары - Сейтханова Айгерим Ерболатовна
Хатшы - Сейлканова Мадина Маратовна
Комиссия мүшесі - Баимбетов Алмас Алдабекович
Комиссия мүшесі - Сегизбаева Анар Жаманбаевна
Комиссия мүшесі - Боктыбаева Асемгуль Айткожановна
Комиссия мүшесі - Малицкая Анель Викторовна

«Байқоңыр» ауданының аумақтық сайлау комиссиясы
010000, Астана қ., Жұбанов көшесі 10А
тел.: 8 700 028 48 36, 255836;
e-mail: tic astbai@saylau.kz

Сайлау комиссиясындағы лауазым Тегі, аты, әкесінің аты
Комиссия төрағасы - Ибраимов Дамир Маулиджанович
Төрағаның орынбасары - Рашид Ұлбосын Рашидқызы
Хатшы - Байженов Бауыржан Сейтказыевич
Комиссия мүшесі - Байқалқызы Алия
Комиссия мүшесі - Жаманбаева Гульназ Дауылбаевна
Комиссия мүшесі - Мусина Жадыра Канатовна
Комиссия мүшесі - Турлыбекова Римма Турахметовна

«Есіл» ауданының аумақтық сайлау комиссиясы
010000, Астана қ., Әлихан Бөкейхан көшесі, 25v
тел.: 8 708 497 40 66, 256066;
e-mail: tic astesl@saylau.kz

Сайлау комиссиясындағы лауазым Тегі, аты, әкесінің аты
Комиссия төрағасы - Конакбаев Руслан Шакибаевич
Төрағаның орынбасары - Муздаханова Жанар Айтбаевна
Хатшы - Кулмаганбетова Айгуль Ораловна
Комиссия мүшесі - Данияров Канатбек Серикпаевич
Комиссия мүшесі - Маделиева Анар Естаевна
Комиссия мүшесі - Ондин Абай Нурмеденулы
Комиссия мүшесі - Амантаева Бибегуль Нарынбаевна

«Нұра» ауданының аумақтық сайлау комиссиясы
010000, Астана қ., Сығанақ көшесі, 18, МП 33а
тел.: 8 700 740 20 61, 256061;
e-mail: tic astnur@saylau.kz

Сайлау комиссиясындағы лауазым Тегі, аты, әкесінің аты
Комиссия төрағасы - Елибаев Нуралы Габдулинович
Төрағаның орынбасары - Ещанов Ерболат Дабылович
Хатшы - Кабиденова Айгерим Сериковна
Комиссия мүшесі - Мазова Кульхан Ермекбаевна
Комиссия мүшесі - Кабыкенов Азамат Хасенович
Комиссия мүшесі - Рахметуллин Асан Жаканович
Комиссия мүшесі - Омарбек Жазира Нұрланқызы

«Сарайшық» ауданының аумақтық сайлау комиссиясы
010000, Астана қ., Нажімеденов көшесі, 27, ВП 10
тел.: 8 708 909 25 66, 256600;
e-mail: tic astsaraishyk@saylau.kz

Сайлау комиссиясындағы лауазым Тегі, аты, әкесінің аты
Комиссия төрағасы - Оралов Мейрамбай Аскербаевич
Төрағаның орынбасары - Жахина Жадыра Қыдырбайқызы
Хатшы - Гук Светлана Юрьевна
Комиссия мүшесі - Қадырбекқызы Гульсина
